





Республикалық
ғылыми-әдістемелік
журнал

СЫҢЫШТАҒЫ

пәрбие



3.2017

Журнал
2003 жылдың
қаңтарынан
бастап екі айда
бір рет шығады

3
2017

Журнал
издается
с января 2003
года один раз в
два месяца

Сыныптағы тәрбие

МАМЫР - МАУСЫМ

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал

МАЗМҰНЫ

ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІК

- Д. Калиев.**
Мектеп оқушыларының
құқықтық мәдениеттілігін арттыру – маңызды іс3
- Б. Байдаулетова.**
Дарынды ұрпақтың орны бөлек6
- Ж. Чунегова, А. Токубаева.**
Отбасындағы ерлі-зайыптылардың,
ата-аналардың, балалардың құқықтары мен міндеттері8
- Б. Мухаметбеков.**
Жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеудің маңызы12

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

- Г. Жаманбаева, Г. Атанбаева.**
Алматыға мың жыл16

ДӨНГЕЛЕК УСТЕЛ

- А. Оразымбетова, Г. Боранбаева, Б. Даулбаева.**
«Қызым, саған айтам...»18

ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫС

- Г. Жылқыбекова.**
«Бүгінгі шәкірт – көгершін, болашақта көгерсін»21

КЛАССНЫЙ ЧАС

- Н. Жаябаева.**
«С дядей Степой в первый класс!»24

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

- Х. Тулепова.**
«Аналар – асыл жандар»30
- Г. Сахан.**
«Нұр себеле – Ұлыстың ұлы күні»33

ҚҰРЫЛТАЙШЫ
ЖШС «Фирма «Палуан»

Бас директор
Мынажадин
СЕРМАҒАМБЕТОВ

Бас редактор
Айнұр ЖАШИБАЕВА

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
18.05.2002 ж.
Астана қаласында тіркеліп,
№2947-Ж куәлігі берілген.

Басуға 26.06.2017 ж.
қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/16.
Авторлық б.т. 2,0.
Офсетті басылым.
Таралымы 147.
Тапсырысы 958.

Мекен-жайымыз:
050052,

Алматы қаласы,
Садовый бульвар
көшесі, 1А.
Тел: 8 (727) 293-61-59,
293-61-43.
Моб: 8 705 776 24 86

Жазылу индексі: 75965
© «Сыныптағы тәрбие»
№ 3, 2017 ж.

Жоғары оқу орындарында

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биофизика және биомедицина кафедрасының оқытушылары:

PhD, оқытушы – Г. ЖАМАНБАЕВА,

б.ғ.к., аға оқытушы – Г. АТАНБАЕВА.

Алматыға мың жыл

Сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының жері ұлан ғайыр, кең-байтақ кой, шіркін! Дархан даламыздың бетке ұстар өлкелері де жетерлік. Солардың ішінде әсем қала Алматының алатын орны ерекше. Алматы қаласының түп негізі б.з.б. қола дәуірінің X-IX ғасырынан бастау алады. Өзінің даму жолында шаһарымыз құлдырау замандарын да, гүлдену замандарын да бастан кешіргеніне тарих куә. Алматы қаласында жүргізілген археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған тарихи жәдігерлер қаланың көптеген тайпалардың мекені, сауда мен өнердің, ауылшаруашылығының орталығы болғандығын көрсетеді. Осынау киелі жеріміздің басты құндылығы – қазіргі тәуелсіз Қазақстанымыздың қалыптасуына негіз болған бабаларымыздың талай күресі өткен жер екендігі.

Қаланың жаңа тарихы 1954 жылы Верный деген атаумен басталған болатын. 1921 жылдың 5 ақпанында қаланың атауын Алма-Ата деп өзгертуге шешім қабылданып, 1927 жылдың 2 наурызында IV Бүкіл Қазақстандық кеңестер съезінің мақұлдауымен Қазақстан астанасы Қызылордадан Алма-Атаға көшірілді. 1993 жылғы шешім бойынша Алма-Ата атауы қазіргідей Алматы деп өзгертіліп, өзінің «ел астанасы» мәртебесін 1997 жылға дейін атқарды. 1998 жылдың 1 шілдесінде Алматы қаласының мәртебесі туралы қабылданған заң бойынша бұл қала тарихи, мәдени, ғылыми,

қаржылық және өндірістік орталық болды. Қазірде өзінің даму жолында біршама оқиғаларды бастан өткеріп, іргесі бұзылмаған, 1000 жылдық тарихы бар Алматы қаласы еліміздің ең ірі мегаполисіне айналып отыр.

Алматының әсем жерлері, қаламызда орналасқан тарихи ескерткіштер мен ғимараттары, мәдени, демалыс орындары жайындағы мәліметтерге тоқтала кетейік:

Тәуелсіздік монументі – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің бес жылдығына орай Алматы қаласында салынған сәулет және мүсін өнері ескерткіші. Республикалық маңызы бар ескерткіштер тізіміне енгізілген (2001 ж. 26 қыркүйектегі мәслихаттың 2-ші шақырылымының 12-ші сессиясының шешімі). Кешен ғылымның, мәдениет пен мемлекеттің танымал қайраткерлерінің сәулетін, мүсіндерін, сөздерін біріктіретін бірегей көркемдік шығарма болып табылады. Стеланы жақтаушалайтын көркемделіп құйылған торкөздер Қазақстан тарихындағы басты оқиғаларды, соның ішінде Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салтанатты сайлануын баяндайды. Ескерткіштің төмен жағында мемориалды тақтайға Президенттің ант беру кезінде Конституцияға қойған қолының таңбасы түсірілген. Құлпытастарға өткен мен бүгінгі күн тарихи тұлғаларының сөздері ойылып жазылған. Мұнда Президент

Назарбаевтың келесі сөздерін оқуға болады: «Қоғамдағы татулық пен келісім әр адамның лайықты өмірі мен еңбегін қамтамасыз етеді. Еркіндік – бассыздық емес, әділдік пен құқықтың салтанаты».

ҚР тұңғыш Президенті атындағы саябақ Алматы қаласы Бостандық ауданының Навои және әл-Фараби көшелер қиылысында орналасқан. Дендропактің жалпы аумағы 73 га құрайды. Оның құрылысы 2001 жылдан бастап жоспарланған элементтер – аллея, бульварлар мен дендрарлық учаскелерінің құрылысы және дендрарлық жоспар бойынша жасыл желек отырғызу жұмысы жүргізілді. Саябақ аумағында 2001 жылы ҚР Бірінші Президенті Н.Назарбаевтың өз қолымен отырғызған емен ағашы өсіп тұр.

2011 жылы 11 қарашада Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Қазақстан» монументалды – сәулет композициясының ашылу салтанаты болды. Ескерткіш қола, гранит және мәрмәр тастан бүркіт тәріздес құйылған. Ескерткіш ортасында Бірінші Президент бейнесі кескінделген. Ал бүркіттің қанатында Алматы және Астана қаласының символы орын алған. Ескерткіште еліміздің тарихи және сәулет өнерінің маңызды бейнелері көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі – Орталық Азиядағы ең ірі музейлердің бірі. Оның алғашқы коллекциялары ХІХ ғасырдың 30 жылдары Орынбор қаласындағы Неплюев әскери училищесіндегі «Орынбор өлкесінің Музейінде» жинақталған. Бүгінде ҚР Мемлекеттік Орталық музей қоры материалдық және рухан мәдениеттің үш жүз мыңға жуық құндылықтарынан тұрады. Музейде негізгі жеті экспозициялық зал жұмыс істейді.

Көктөбе – Іле Алатауының бөктеріндегі

көрікті жерде, Алматы қаласының оңтүстік-шығысында орналасқан төбе. Абсолют биіктігі 1070 м, салыстырмалы биіктігі 370 м-дей. Беткейлері тіктеу келген. Оларда бұта, жусан аралас таудың әр түрлі астық тұқымдас шөптесіндері өскен. Көктөбеде биіктігі 372 м болатын телевизиялық мұнара, қала тұрғындарының демалыс аймақтары, т.б. орналасқан. Көктөбе – Алматы қаласына панорамалық шолу жасайтын орын саналады.

Шымбұлақ – Алматы маңындағы Іле Алатауы шатқалының 2510 метр биіктігінде орын тепкен тау-шаңғылық курорты. Талғар асуының бөктеріндегі бұл спорттық кешен 1954 жылдан бастап тау шаңғысы спортшыларының сүйікті орнына айналған. Алғашқыда бұл кешен кеңес тау шаңғышыларының олимпиадаға дайындық базасы ретінде құрылған. Жарыс жолының ені 25 метр, еністігі 11-29 градустардың аралығында, сондықтан шаңғышылардың ең жақсы жылдамдық көрсетуіне қолайлы. Техникалық сипаттамасы жағынан Еуропаның ең жақсы жарыс жолдарынан кем емес.

Медеу – Алматының төңірегінде, Кіші Алматы өзенінің жағасында жататын мұз айдыны. Теңіз деңгейінен 1691 метр биікте орналасып, ол әлемдегі ең атақты мұз айдындарының арасында. Медеу 10,500 ш.м. жерді алып жатады және 10,500 көрерменді сиғызады. Әлемдегі 150-ден аса үздік спорттық рекордтар осы мұз айдынында туғаны баршаға мәлім.

Алматы қаласы Қазақстанымыздың ғылыми, тарихи, сонымен қатар ірі білім беру орталықтары орналасқан жастар қаласы. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының басты мақсаты – білімді әрі білікті маман дайындаумен қатар, ел тарихын қастерлей білетін, Отан алдындағы борышын өтеуде, еліміздің